

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D013 – пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы) бағыты бойынша философии докторы (Ph.D) дәрежесін беру бойынша диссертациялық кеңесі

1. Откізілген кеңес отырыстарының саны туралы мәліметтер.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D013 – пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы) бағыты бойынша философии докторы (Ph.D) дәрежесін беру бойынша диссертациялық кеңесінің 2021 жылы 5 отырысы өткізілді (01.01.2021 – 31.12.2021).

2. Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөні (болған жағдайда).

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орындары көрсетілген докторанттардың тізімі

<i>№</i>	<i>Докторанттың аты-жөні</i>	<i>Оқу орындарының атауы</i>
1	Агранович Елена Николаевна	Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.
2	Ахатаева Ұлсанған Борашқызы	Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.
3	Кенжетаева Роза Орынбаевна	Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.
4	Оспанқұлов Ернар Ерланұлы	Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.
5	Жұмабаева Жәзира Аманжолқызы	Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.
6	Кожамкулова Назгуль Сейфуллинкызы	Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.
7	Жияшева Жанар Шораевна	Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

4. Есеп беру жылына бойына диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қаралғаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

Агранович Елена Николаевнаның диссертациялық жұмысы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

2021 жылдың 24 қаңтарында Тайм-менеджмент технологиясы негізінде студенттердің оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру тақырыбы бойынша жұмыс коргауы болды.

Ғылыми кеңесшілері: Амирова Амина Сламхановна - п.ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан); Дмитриев Юрий Александрович - п.ғ.д., профессор (МПМУ, Москва қ., Ресей).

- Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің «оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру» ұғымының маңызды сипаттамасы мен мазмұны нақтыланған.

- Оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастырудагы уақытты басқарудың психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктері негізделген.

- «Тайм-менеджмент» технологиясы негізінде оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру білігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген.

- «Тайм-менеджмент» технологиясы негізінде студенттердің оку әрекетін өзін-өзі үйымдастыру біліктерін қалыптастыру әдістемесі әзірленіп және эксперименттік тексеру жасалған.

2) «*Ғылым туралы*» Заңның 18 – бабының З-тармагына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жасындағы Жогары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы;

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға байланысты, «халықты қоғамда сұранысқа ие дағдылар мен рухани-адамгершілік құндылықтары бар тұлғаны дамытуға бағытталған біліммен қамтамасыз ету», «педагог мамандығына сұранысты арттыру және педагогикалық білім беруді жаңғыру» мақсаты болып табылатын жоғары оку орындарында білім беру жүйесін дамытудың көптеген аспектілеріне, оның ішінде болашақ педагогтарды қәсіби даярлауды қозғай отырып, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға ерекше қөңіл болінеді.

Кәсіптік білім берудің басым бағыттарының бірі Қазақстан Республикасында білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында сұранысқа ие құзыретті педагог кадрларды даярлау болып табылады. Кәсіби өзін-өзі анықтау және мұғалімдерді даярлау үдерісінде студенттердің тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру, дамыту және жетілдіру жүретіндіктен, бұл тұастай алғанда мемлекеттің саяси, экономикалық және мәдени дамуына айтарлықтай әсер етеді.

«Оку әрекетін өзін-өзі үйымдастыру – бұл мақсатшылдық, белсенделік, негізді ынталылығы, өз ісін жоспарлау, жылдам шешім қабылдауы және оған деген жауапкершілігі, өз іс-әрекетінің нәтижелерін сынни бағалауы, борыш сезімінен тұратын тұлғаның өзін-өзі үйымдастыра білуімен байланысты ісәрекеті мен қабілеті». Студенттердің оку әрекетін өзін-өзі үйымдастырудың нақтыланған тұжырымдамасын біз мақсат қою, оларға қол жеткізуге деген ұмтылыс, ерікті күш-жігер, жасампаздық, өз ісін жоспарлау, қәсіби білімді тиімді игеруге және өзін-өзі танытуға бағытталған өзіндік рефлексия мен өзін-өзі түзету дағдылары негізінде оку жұмысы мен өмірлік іс-әрекеттерін ұтымды үйымдастыру қабілеті ретінде ұсынамыз.

3) диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау;

«тайм-менеджмент» технологиясы негізінде болашақ бастауыш сыннып мұғалімдерінің оку әрекетін өзін-өзі үйымдастыру білігін қалыптастыруды әдістемелік қамтамасыз етуден тұрады: «Тайм-менеджмент негіздері» элективті курсы әзірленді және аprobациядан өтті, «Педагогикалық мамандықтар студенттерінің оку жетістіктерінің сапасын диагностикалау», «Тайм-менеджмент негіздері» оку құралдары шыгарылды, болашақ бастауыш сыннып мұғалімдерін даярлауды жетілдіру бойынша әдістемелік нұсқаулықтар құрастырылды.

Ахатаева Ұлсанғызының диссертациялық жұмысы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

2021 жылдың 31 мамырында Болашақ мамандарды бастауыш сыннып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау тақырыбында диссертациялық жұмыс қорғалды.

Ғылыми кеңесшілері: Амирова Амина Сламхановна - п.ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан); Селахиддин Огулмұш - профессор, доктор (PhD) (Анкара университеті, Анкара қаласы, Түркия).

- Жоғары білім беру жүйесінде болашақ бастауыш сыннып мамандарын даярлау мәселесінің теориялық негіздері айқындалған;

- «Зерттеу», «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымдарының мәні нақтыланған;

- Болашақ мамандарды бастауыш сыннып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың психологиялық-педагогикалық еңбектерде зерттелуі айқындалған;

- Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған;

- Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың әдістемесін дайындалған және тәжірибелік-эксперимент арқылы тиімділігі тексерілген.

2) «*Ғылым туралы*» Заңының 18 – бабының З-тармагына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жсанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы;

Қазіргі таңда қоғамдағы қарқынды өзгерістер бүтінгі заман тұлғасынан шығармашылықпен ойлауга қабілетті, өзіндік пікірі мен бастамашылдық сияқты жаңа сапалардың болуын талап етеді. Бұл өз кезегінде жоғары оку орындарында маман даярлауда оларды дамытуға емес, сонымен бірге қазіргі қоғамның интеллектуалдық әлеуетін сақтаған қалуға ықпалын тиғізетінін түсіну қын емес. Елімізде қабылданған Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Қазақстандың білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту», - деп көрсетілген.

Бүтінгі жоғары оку орында білім алушылар келешек мұғалім болғандықтан солардың ішінде біздің жұмысымызға тікелей қатысты ғылыми-зерттеу, сын тұрғысынан ойлау, білімді шығармашылық тұрғыда колдана білу қабілеті, проблемаларды шешу қабілеті дағдыларын университет қабырғасында менгерту қажет деп есептейміз.

Біз қарастырып отырган болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау нақты зерттеу объектісі болмағанымен, жалпы болашақ бастауыш сынып педагогтерін даярлау, олардың зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту мәселелері әрқыранан талдағанына зерттеу барысында көз жеткізілді. Теориялық еңбектерді зерделеу нәтижесі психология мен педагогика ғылымдарындағы зерттеушілік іс-әрекет мәселесінің ғылыми бағыттарының сипаттарын білуге мүмкіндік берді.

3) диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау;

Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлаудың әдістемелік кешені: болашақ мамандарға арналған «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» тақырыбындағы арнайы курс бағдарламасы; бастауыш сынып оқушыларына арналған «Зерттеу алгоритмі» атты күнделік-дәптері мен «Бастауыш сыныштарда әдебиеттік оку пәнінен шығармашылық тапсырмалар» атты әдістемелік күралы дайындалды. Зерттеу нәтижелерін жоғары және орта арнаулы педагогикалық оку орындарында, жалпы орта білім беретін мектептерде, біліктілікті арттыру орталықтарындағы білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

Кенжетаева Роза Орынбаевнаның диссертациялық жұмысы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

2021 жылдың 29 маусымында Болашақ педагогтарды бастауыш сынып оқушыларының оку жетістіктерін критериалды бағалауға кәсіби даярлау тақырыбында диссертациялық жұмыс қорғалған.

Ғылыми кенесшілері: Нуржанова Сажила Абдисадыковна - п.ғ.к., қауымдастырылған профессор міндеттін атқарушы (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан), Землянская Елена Николаевна - п.ғ.д., профессор (Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университеті, Мәскеу қаласы, Ресей).

- Педагогикалық ғылым мен практикада қолданылатын оку жетістіктерін бағалаудың генезисі көрсетілген.

- «Оку жетістіктерін критериалды бағалау» ұғымына мазмұндық сипаттама берілген.

- Болашақ педагогтарды бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалауға кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген.

- Бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалауға студенттерді кәсіби даярлау моделінің тиімділігі сынақтан өткізіліп және эксперименттік тексеру жасалған.

2) «Ғылым туралы» Заңның 18 – бабының З-тармагына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жсанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы;

Заманауи білім беру жүйесінде мектеп оқушыларының оқу жетістіктерін бағалаудың маңызы арта түсude. Бағалау - оқыту мәселелерін диагностикалаудың негізгі көрсеткіші және бастауыш білім берудің ғана емес, жалпы білім деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың негізгі компоненттерінің бірі - қазіргі заман талабына сай мектеп оқушыларының білім жетістіктерін бағалауға дайындау. Әсіресе, бастауыш мектепте бағалау мәселесі өте өзекті болып табылады. Кіші жастағы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау - педагогика ғылымының қазіргі жетістіктеріне сәйкес келуі керек болып табылатын оқыту процесінің маңызды компоненті және педагогикалық іс-әрекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Мәселенің өзектілігі, оның қазіргі заманғы жоғары кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістемесінде ғылыми түрғыдан жеткіліксіз қарастырылуы зерттеу тақырыбын таңдауға негіз болды.

3) диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау;

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалауға студенттердің кәсіби дайындығын әдістемелік қамтамасыз етілуінде жатыр. Практикалық қолдану үшін: «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының студенттеріне арналған «Бастауыш білім берудегі бағалаудың заманауи технологиялары» арнайы курсы бойынша вебинарлар, видео дәрістер, дәрістің әр тақырыбының дауыстық презентациялары, бастауыш сыныптарда қалыптастыруши және жиынтық бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру бойынша практикалық жаттығулар сияқты электрондық ресурстар мен жаңа технологияларды қолдана отырып қашықтықтан оқыту нысаны әзірленді және аprobацияланды.

«Бағалаудың өлшемдік технологиялары/Критериалды бағалау технологиялары» оқу-әдістемелік құралы жарық көрді. Зерттеу материалдарын жоғары және орта арнаулы оқу орындарындағы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау барысында қолдануға болады. Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен негізділігі бастапқы теориялық-әдіснамалық ұстанымдармен, философиялық, педагогикалық және психологиялық әдебиеттердің алуан түрлілігімен, диссертация мазмұнның зерттеудің койылған мақсаттары мен міндеттеріне дұрыстығымен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің орынды үйлесімділігімен, эксперименттік зерттеу нәтижелерінің сапалық және сандық талдауының үйлесімділігімен, критериалды бағалау технологиясы бойынша әртүрлі әдістемелер, тәсілдер, құралдар кешенін пайдаланумен қамтамасыз етілді.

Оспанкулов Ернар Ерланұлының диссертациялық жұмысы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

2021 жылдың 29 маусымында Жалпы дамыту жаттығулары арқылы бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдыларын дамыту тақырыбында диссертациялық жұмыс қорғалды.

Ғылыми кеңесшілері: Кеңесбаев Серік Мұхтарович - педагогика ғылымдарының докторы, профессор ("ӨРЛЕУ" БАУО АҚ филиалы "Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры", Алматы қаласы,

Казакстан), Эльмира Уайдуллақызы - доктор (PhD) (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан), Ильхан Ялчин - доктор (PhD) (Анкара университеті, Анкара қаласы, Түркия).

– жалпы дамыту жаттығулары арқылы бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдыларын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

– «бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдылары» ұғымы нақтыланған;

– жалпы дамыту жаттығулары арқылы бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдыларын дамытудың күрьымдық-мазмұндық моделі даярланды;

– жалпы дамыту жаттығулары арқылы бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдыларын дамыту әдістемесі жасалған, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілген.

2) «*Ғылым туралы*» Заңың 18 – бабының 3-тармагына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жсанындағы Жогары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы;

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында: «Дене шынықтыру мен спорт мемлекеттің айрықша назарында болуы тиіс. Нәк сол салауатты өмір салты ұлт деңсаулығының кілті болып саналады. Алайда елде барлығы үшін қолжетімді спорт нысандары, спорт құрал-жабдықтары жетіспейді. Осыған байланысты Үкімет және жергілікті органдар дене шынықтыруды, бұқаралық спортты дамыту және типтік жобадағы деңешшынықтыру-сауықтыру нысандары, соның ішінде, аула нысандары құрылышы бойынша шаралар қабылдау қажет. Бұл жұмысты келесі жылы-ақ бастау керек», – деп көрсеткен.

Бұл өз кезегінде ағзаның дамуына ықпал ететін жалпы дамыту жаттығулары арқылы бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдыларын дамыту мәселесінің өзектілігін арттырады. Себебі бастауыш мектепте қалыптасқан жақсы дене тәрбиесі балалардың жалпы дамып-жетілуінің негізін құрайды.

Жалпы дамыту жаттығулары негізінде бастауыш сынып оқушыларының координациясын, икемділігін, дененің терең-тендігін сақтауын, дәлдігін, кеңістік пен уақыт бағдарын қалыптастыру мүмкін болады. Демек оқушылардың жалпы дамыту жаттығуларын өз бетімен орындауга дағылануы үшін дене тәрбиесі мәдениеті мен ақыл-ой мәдениетінің өзара үштасуы мәселесін шешуге мақсатты түрде келу қажет. Бастауыш мектептегі дене тәрбиесі жүйесі – оқушылардың деңсаулығын нығайтуға және физикалық жан-жақты дене тәрбиесін қалыптастыруға бағытталған оқу-тәрбие мақсаттарының, міндеттерінің, құралдарының, әдіс-тәсілдері мен формаларының біртұтас болмысы.

3) диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау;

– «Бастауыш сынып оқушыларының жалпы дамыту жаттығуларын өзбетімен орындау дағдыларын дамыту» атты арнайы оқу бағдарламасы дайындалды;

– «Бастауыш сынып оқушыларының өз бетімен ЖДЖ-ны орындау дағдыларын дамытудың маңызы» тақырыбында семинарлар сериясы жасалынды;

– «Бастауыш сынып оқушыларына арналған жалпы дамыту жаттығулары» атты мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал әзірленді;

– Бастауыш сыныптарда дене шынықтыру пәнін сапалы өткізуде, жалпы дамыту жаттығуларын қолдануда тиімділігі жоғары әдістер жүйесін қолдану бойынша ұсыныстар әзірленді.

Диссертациялық зерттеу барысында алынған нәтижелер мен жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеудің материалдарын жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарында, колледждердің тәжірибесінде, жоғары педагогикалық оқу орындарында, педагог мамандардың біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

Жұмабаева Жәзира Аманжолқызының диссертациялық жұмысы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

2021 жылдың 2 шілдесінде Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік түрғыда оқыту тақырыбы бойынша диссертациялық жұмыс қоргалды.

Ғылыми кеңесшілері: Уайсова Гулнар Инаматовна - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Алматы қаласы, Қазақстан), Mehmet Güven - философия докторы, профессор (Гази университеті, Анкара қаласы, Турция).

– бастауыш білім беру пәндерін метапәндік түрғыда оқыту теориялық-әдіснамалық түрғыдан негізделді;

– «метапән», «метапәндік түрғыда оқыту» ұғымдарының мәні, құрылымы және мазмұны айқындалды;

– бастауыш білім беру пәндерін метапәндік түрғыдан оқытуудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері анықталды;

– бастауыш білім беру пәндерін метапәндік түрғыда оқыту әдістемесі әзірленіп, тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жағдайында дәйектелді, ұсыныстар берілді.

2) «*Ғылым туралы*» Заңының 18 – бабының З-тармагына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жасындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы;

Білім берудің жаңа парадигмасы оқушыларда әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруда пәндік білім, білік және дағдыларды жеке-жеке емес, кешенді түрде менгертуді және білім алушының әмбебап оку әрекеттерін өз бетінше ұйымдастыра алу, білімі мен біліктірін органдың жиі өзгермелі жағдайына қарай онтайлы пайдалану, өзін-өзі басқара алу, өзіндік білім алу қабілеттерінің болуын талап етуде.

Осыған байланысты білім беру мазмұны мен үдерісін реформалау мемлекеттің ұлттық саясатының құнды басымдықтары қатарынан табылады. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзатық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту, педагогикалық білім беруді жаңғырту, білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету» мәселелері басты мақсат-міндеттер қатарына қойылған.

Қазіргі уақытта бастауыш білім беру пәндерін метапәндік түрғыда оқытууды жалпы білім беретін мектептердің оқыту үдерісіне толығымен ендіру, көшіре салу мүмкін емес. Өйткені оларды жүзеге асырудың әдіснамалықұйымдастырушылық негіздері жасала қойған жоқ, ол біріншіден. Екіншіден, бастауыш білім беру пәндерін метапәндік түрғыда оқытууды жүзеге асырудың қындықтар себептерінің анықталмауы және оны ендиру тетіктерінің жасалмауы да бұл мәселенің теориялық-практикалық түрғыдан зерттеле түсүін қажет етеді. Сондықтан бастауыш білім беру пәндерін метапәндік түрғыда оқытуудың теориялық-практикалық шешімдерін табу көкейкесті проблемаға айналып отыр.

3) диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендиру деңгейін талдау;

- Бастауыш сыныпқа арналған «Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік түрғыда оқыту әдістемесі» әзірленді.

- Бастауыш сынып оқушыларының метапәндік нәтижелерін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар жүйесі жасалды.

- Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін бастауыш білім беру пәндерін метапәндік түрғыдан оқытуға даярлау мақсатында «Бастауыш білім берудегі метапәндік тәсілдеме» тақырыбындағы арнайы курс бағдарламасы дайындалды.

Зерттеу нәтижелерін жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сыныбында, жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, бастауыш сынып мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты тәжірибесінде пайдалануга болады.

Кожамкулова Назгуль Сейфуллинкызының диссертациялық жұмысы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

2021 жылдың 2 шілдесінде Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің IT арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру тақырыбы бойынша диссертациялық жұмыс өткізгенді.

Ғылыми кеңесшілері: Кеңесбаев Серік Мұхтарович - педагогика ғылымдарының докторы, профессор ("ӨРЛЕУ" БАҰО АҚ филиалы "Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры", Алматы қаласы, Қазақстан), Эльмира Уайдуллақызы - доктор (PhD) (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан), Айшегөль Байрактар - доктор (PhD) (Анкара университеті, Анкара қаласы, Түркія).

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

- «интеллектуалды әлеует», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің интеллектуалды әлеуеті» түсініктерінің мазмұны нақтыланды;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің IT арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың күрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің IT арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың әдістемесінің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент нәтижелері арқылы тексерілді.

2) «Ғылым туралы» Заңының 18 – бабының З-тармагына және (немесе) мемлекеттік багдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жсанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы;

Қоғам талабына сай болашақ мұғалімнің кәсіби-тұлғалық сапаларында теориялық білім, озық тәжірибе, ойлау мәдениеті, интеллект, ақпараттық мәдениет, танымдық және кәсіби ұтқырлық пен кәсіби құзіреттіліктің қамтамасыз етілуі көзделеді. Осы орайда ақыл-ойды дамыту және болашақ мамандарды IT сауаттылығы бойынша тәрбиелеу – қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселесі. Болашақ мұғалімдерде ақпараттық сауаттылыққа тән сапалар, жүйелі білім, жүйелі ойдаң, логиканың болуы қазіргі заманғы білімділіктің басты өлшемі деуге болады. Сондықтан болашақ педагогтердің кәсіби даярлау ісінде білім беру үдерісін заманауды талаптарға сай жаңаша ұйымдастыру, білім беруде IT көмегімен дүниетанымның ұстанымдарын менгертуді, талдауды, қайта жасақтауды талап етеді.

Кәсіби даярлауда болашақ бастауыш сынып мұғалімдері – еліміздің болашақ ұлтты құраушы тұлғалары дейтін болсақ, IT, интеллектуалды әлеует ұғымдарының диалектикалық астарлары бізге негіз болып отыр. Олар: жаңа ақпараттық-танымдық теория жасау, терен әрінің әрінде, кәсіби алғырлық, жоғары біліктілік, ұлттық мұддеге қызмет ету, жасампаздық, жасанды интеллект, озық технология иегері, ақпараттық өрлеу дескрипторы, жаңа философиялық пайымгер(креативтілік), зияткер және кемелді болу.

Ендеше жеке тұлғадағы креативті ойлау, жаңа ақпараттық-танымдық теория жасау, жасанды интеллект (үйрену, құру, жасақтау өнерінің) аспектілері «интеллектуалды әлеуетті» қалыптастырудың қозғаушы күші болады. Бұл тұста болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің IT арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруда жоғарыда көрсетілген аспектілер функционалды жағынан тірек категориялар болары анық.

Интеллект қызметтері мен интеллектуалды әлеует, атап айтқанда, балалар мен жасөспірімдер жылдарында қарқынды даму мүмкіндігіне ие және ересек жаста, яғни маманың қалыптасу кезеңінде, сондай-ақ оның кәсіби қызметін орындау кезеңінде жинақталған интеллектуалды әлеуетті жаңарту және оны одан әрі дамыту мүмкін болады.

ЖОО-да табысты нәтиже көрсетеү үшін интеллектуалды әлеуеттің жоғары деңгейі қажет. Бұл негізінен қабылдау, ойлау, есте сақтау, құру, жасақтау т.б. белгілі логикалық тәсілдерді менгеру деңгейінде шеберлік таныту. Студенттік жаста сенсорлық, психомоторлық және ақыл-ой қызметтері жоғары шегіне жетеді.

3) диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау;

-болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің IT арқылы интеллектуалды әлеуеттің қалыптастырудың даярланған әдістемесі: студенттерге арналған «Бастауыш білім берудегі IT негіздері» атты арнайы курс бағдарламасы; «Интеллектуалды карта әдісін» құрастыру ережелері; «IT арқылы интеллектуалды әлеуетті қалыптастыру негіздері» атты оқу-әдістемелік құрал. Алынған практикалық нәтижелерді ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде, біліктілікті арттыру жүйесі тәжірибесінде қолдануға болады.

Жияшева Жанар Шораевнаның диссертациялық жұмысы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

2021 жылдың 29 желтоқсанында Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау тақырыбында диссертациялық жұмыс қорғалды.

Ғылыми кеңесшілері:

Кеңесбаев Серік Мұхтарович - педагогика ғылымдарының докторы, профессор ("ӨРЛЕУ" БАУО АҚ филиалы "Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры", Алматы қаласы, Қазақстан), Эльмира Уайдуллақызы - доктор (PhD) (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан), Гехан Атик - доктор (PhD) (Анкара университеті, Анкара қаласы, Турция).

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемелік жүйесі дайындалған;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдістемесі дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент нәтижелерінде дәлелденген.

2) «Ғылым туралы» Заңының 18 – бабының З-тармагына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жасындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылыминың даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы;

Президент: «...сапалы білім беру – Қазақстанның индустриясы мен инновациялық дамуының негізіне айналуы тиістігін» атап өткен. Ендеше бұл ретте болашақ педагогтың бәсекеге қабілетті болуы, кәсіби құзыретті, практикалық тәжірибеле бейім келуі, өзінің болашақтағы кәсіби іс-әрекетіне қызығуы, кәсіби іскерліктері мен дағдыларының қалыптасуы, білікті маман болуы, яғни оның инновациялық дамуының алғышарттары бола алады, дегенмен де бүгінгі сұраныскә сай болашақ педагогтердің даму компоненттері ақпараттық білім, оны құру және жобалай алуы арқылы жүзеге асады.

Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бап 9-тармагында: «...оқытуудың жаңа технологияларын, оның ішінде білім беру бағдарламаларының қоғам мен енбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану», - деп атап көрсетілген. Мұндағы болашақ маманның өз кәсіби қызметінде мейлінше, кең әрі тиімді түрде оқытуудың жаңа технологияларын қолдану, заман талабына сай, қоғам өзгерісіне лайықты құзыретті, өзгерістерге бейімделу деңгейі жоғары, ақпараттық технологияларды енгізуге қабілетті

болуын көзделеп отыр. Алайда бұл айтылғандардың барлығы дерлік білім негізі қаланатын бастауыш білім саласынан бастап ұйымдастырылуы қажет деп ойлаймыз. Сондықтан болашақ бастауыш сынып педагогтері ЖОО-да окушының ақпараттық білім ортасын жобалай алуға кәсіби даярлануы өзекті болып отыр.

3) диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау;

– психологиялық-педагогикалық кешенді әдістер негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін окушылардың ақпараттық білім ортасын (АБО) жобалау деңгейін диагностикалау мен бағалау әдістемесі жасалды;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін окушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау жиғесінің арнағы әдістемесі жасалды;

– «Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» атты элективті курсы дайындалып, тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілді;

– «Бастауыш сыныптарда ақпараттық білім ортасын жобалау» атты әдістемелік құрал дайындалды;

– зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын педагогикалық жоғары оқу орындарының, педагогикалық колледждердің, жалпы білім беретін мектепте бастауыш сынып мұғалімдерінің тәжірибесінде, бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін жетілдіру жиғесінде пайдалануға болады.

5. Рецензенттердің жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен).

Рецензенттер ретінде бастауыш білім беру саласындағы зерттеулерге елеулі үлес қосқан ғалымдар бекіттілген. Әр докторант рещензенттерін таңдау кезінде ғылыми кеңесшілер мен рещензенттердің өзара тәуелсіздігі қағидаты сақталды. Рещензенттер тарапынан докторлық диссертациялар білікті талданды. Рещензенттердің пікірлерінде зерттеудің ғылыми негізделген теориялық және практикалық нәтижелері атап өтілді, қорытындылар дәлелді және жұмыс бойынша ескертулер мен ұсыныстар берілді. Негізінен ескертулер жалпы ғылыми-теориялық мазмұнға және зерттеудің практикалық нәтижелеріне әсер етпейтін жеке кемшіліктерге қатысты берілген. Диссертациялық зерттеулерге теріс пікірлер болған жок.

Агранович Елена Николаевнаның диссертациялық жұмысы бойынша ресми рещензенттері туралы ақпарат:

1. Баймoldаев Тұрсынбек Молдаханұлы – п.ғ.д., профессор, ЖШС «Қазақстандық аймақаралық біліктілікті арттыру орталығы», Алматы қ., Қазақстан. (мамандық шифры 13.00.01);

2. Садвакасова Зухра Маратқызы – п.ғ.к., доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан. (мамандық шифры 13.00.08).

Ахатаева Ұлсана Борақызының диссертациялық жұмысы бойынша ресми рещензенттері туралы ақпарат:

1. Бузабакова Клара Джайдарбековна - педагогика ғылымдарының докторы, профессор. М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қаласы, Қазақстан. (мамандық шифры 13.00.01).

2. Измуханбетова Софья Салахиденқызы - педагогика ғылымдарының кандидаты, «Өрлеу» БАУО АҚ филиалы «БҚО бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру» институтының директоры, Орал қаласы, Қазақстан. (мамандық шифры 13.00.01).

Кенжетаева Роза Орынбаевнаның диссертациялық жұмысы бойынша ресми рещензенттері туралы ақпарат:

1. Сарсекеева Жанар Есентаевна - педагогика ғылымдарының докторы, бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының профессоры, Е.А.Бекетов атындағы Караганды университеті. Караганды қаласы, Қазақстан (мамандық шифры 13.00.01);

2. Колесова Людмила Геннадьевна - педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика және психология кафедрасының доценті, Батыс-Қазақстан инновациялық технологиялық университеті. Орал қаласы, Қазақстан (мамандық шифры 13.00.01).

Оспанкулов Ернар Ерланұлының диссертациялық жұмысы бойынша ресми рецензенттері туралы ақпарат:

1. Әлімханов Елемес -педагогика ғылымдарының докторы, медицина және көгамдық денсаулық сактау факультеті, Дене шынықтыру және спорт кафедрасының профессоры. Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан. (мамандық шифры 13.00.01);

2. Ерепбаев Нұрлан Қызырбекұлы - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Мәдениет және спорт факультетінің спорттық пәндер және жекпе-жектер кафедрасының менгерушісі. Шымкент қаласы, Қазақстан. (мамандық шифры 13.00.04).

Жұмабаева Жәзира Аманжолқызының диссертациялық жұмысы бойынша ресми рецензенттері туралы ақпарат:

1. Таубаева Шарқуль Таубаевна - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Алматы қаласы, Қазақстан. (мамандық шифры 13.00.00);

2. Фейзулдаева Салтанат Арасатовна - философия докторы (Ph.D), Илияс Жансугиров атындағы Жетісу университеті. Талдықорған қаласы, Қазақстан. (мамандық коды 6D010200)

Кожамкулова Назгуль Сейфуллинкызының диссертациялық жұмысы бойынша ресми рецензенттері туралы ақпарат:

1. Сейітказы Перизат Байтешкызы - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті. Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан. (мамандық шифры 13.00.08);

2. Кенжебаева Таттығуль Бекбалтиновна - философия докторы (Ph.D) доцент, Ғылым және интернационалдану жөніндегі Педагогика жоғары мектебінің вице-деканы. Павлодар педагогикалық университеті. Павлодар қаласы, Қазақстан.

Жияшева Жана Шораевнаның диссертациялық жұмысы бойынша ресми рецензенттері туралы ақпарат:

1. Ахметова Гульнара Батырбековна - педагогика ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор. Педагогикалық зерттеулер институтының директоры. Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан. (мамандық шифры 13.00.02);

2. Жапарова Бағлан Мағауқызы - педагогика ғылымдарының кандидаты. «Бастауыш білім беру» кафедрасының менгерушісі. Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті. Павлодар қаласы, Қазақстан. (мамандық шифры 13.00.01).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі шетелдік білім беру платформасына енү мақсатында көптеген озық ұлғілерді ендіру арқылы, көптеген реформаларда сатыларынан сапалы түрде өтуде. Көптеген озық шетел ЖОО -ры докторанттарды дайындаудың 4 жылдық нұсқасын қолданысқа енгізген. Елімізде бұл дайындық деңгейі 3 жылдық мерзімді құрайды, ол өз кезегінде оқу, диссертацияны даярлау, индекстелген базаларда мақала жариялау, шынайы негізделген, тәжірибеде сапалы нәтиже көрсеткен зерттеулер алуға біршама қындық туыннатуда, осы негізде докторантурасы мерзімін 4 жылға ұзартуды ұсынамыз.

**7. Философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін алу үшін
қаралған диссертациялар туралы деректер.**

Мамандық:		6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
1	Қорғауға қабылданған диссертациялар	7
2	Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-
3	Қорғаудан алғыншып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-
4	Рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО- ның докторанттарынан)	-
5	Қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-

**Диссертациялық кеңес
торайымы**

A.E. Жұмабаева

**Диссертациялық кеңестің
Фалым хатшысы**

A.N. Умирбекова



31 желтоқсан 2021 жыл